4. Пәтерлер мен тұрғын бөлмелерінде төсекте темекі шегуге және плитада дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз қалдыруға жол берілмейді.

5. Қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына, электр жеткізу желілерінің астына және уақсәнді сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол берілмейді. Көшелерде, жолдарда, ауалық уақсәкелерден тыс шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын орналастыруға жол берілмейді.

6. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан 50 м кем болатын арақашықтықта іске асыруға тыйым салынады.

Сонымен қатар орман және дала алқаптарында өртті болдырмау үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін естеріңізге салғымыз келеді:

- далалық алқаптарда от жағуға, жанар-жағармай заттары сіңген сурту материалдарын тастауға, тез тұтанатын және бықситын материалдарды тастауға тыйым салынады.
- шөп шабу жұмыстарын жүргізу кезінде

әрдайым өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң түрде сақтау;

- шөп шабуға жұмылдырылатын техникалар мен агрегаттарды техникалық байқаудан өткеннен кейін ғана қолдану;
- техникалар мен агрегаттарды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен толық мөлшерде қамтамасыз ету;
- облыстық және жергілікті маңыздағы автокөлік жолдары бойында темекі тұқылын тастамау;
- табиғат аясында демалыс уақытын өткізу және кезекпен мал бағу кезінде от жақпау, темекі тұқылын сөндірмей тастамау және тез тұтанғыш қоқыстарды шашпау қажет;
- мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скиртерін айналасы жыртылып сыммен қоршалуы тиіс;
- пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тыйым салынады;
- шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жырту арқылы өрттен қорғауы қажет.

Далалық жерлердегі өрттердің басты себебі шаруа қожалықтардың қолданысындағы агрегаттар мен техникалардың ескіруі, ұшқын өшіргіштермен және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтылмауы. Сонымен қатар, облыстық және аудандық маңыздағы тас жолы бойында көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын сөндірмей тастауынан да өрттер тіркелуде.

**ЕСІНІЗДЕ БОЛСЫН ӨРТ КЕЗІНДЕ САЛҚЫНҚАНДЫЛЫҚ ТАНЫТЫҢЫЗ, ӨРТ КҮЗЕТІН «101» НЕМЕСЕ «112» ТЕЛЕФОНЫ БОЙЫНША ШАҚЫРТЫП, ӨЗІНІЗ БЕН ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫ ҚҰТҚАРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАНЫҢЫЗ, ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУДІ ҰЙЫМДАСТЫРЫП, ЖАНУ ОШАҒЫНА ТЕЗ ЖЕТЕР ЖОЛДЫ КӨРСЕТІНІЗ.**

**ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ**

## ПРЕЗИДЕНТТІК КЛИНИКА ЕМДІ ЕКІ ЕСЕ КӨП ПАЦИЕНТКЕ ЕМ КӨРСЕТЕ АЛАДЫ

Жақында Президенттік клиника базасында 200 төсек-орындық жаңа емдік-диагностикалық блок ашылды. Онда терапия, пульмонология, нефрология, гастроэнтерология, эндохринология, неврология, ревматология және кардиология бейіндері бойынша қызмет көрсетіледі. Жаңа блоктың мамандары инсульттан, миокард инфарктінен, кардиохирургиялық, нейрохирургиялық және ортопедиялық операциялардан кейін пациенттерді оңалтудың арнайы мамандығына ие болды. Пациенттер емдік-диагностикалық көмектің толық циклын ала

алады, яғни диагностика, емдеу және оңалту.

Жаңа терапиялық блоктың диагностикалық базасы премиум класты медициналық жабдықтармен қамтылатын болады. Қолданылатын технологиялардың Қазақстанда, кейбіреуінің ТМД елдерінде де баламасы жоқ. Бұл диагностикалық қызметтердің көлемін ұлғайтуға және ең күрделі пациенттерге нақты диагноз қоюға мүмкіндік береді.

200 орындық жаңа блоктың медициналық қызметкерлері біліктілік талаптары бойынша қатаң іріктеуден

өтіп, жақын және алыс шетел үздік клиникаларында білім алуда.

Жаңа корпус та пациенттерді қабылдаудың 3 көзі қарастырылған: тіркелуі бойынша, ТМҚК және МӘМС шеңберінде, ақылы негізде.

Жыл сайын Президенттік клиникада 8000-нан астам пациент емделеді. Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілгеннен бері қазақстандықтардың дені Президенттік клиникада ем қабылдауды таңдайды. Аурухананың төсек қорын екі есе ұлғайту пациент санын екі есе арттыруға мүмкіндік береді.

дальнего зарубежья.

Новый терапевтический корпус будет принимать пациентов по 3 источникам: прикрепленное население, в рамках ГОБМП и ОСМС, на платной основе.

Ежегодно в Президентской клинике лечится более 8000 пациентов. С момента внедрения единой национальной системы здравоохранения все больше казахстанцев выбирают лечение в Президентской клинике. Увеличение коечного фонда больницы в два раза позволит охватить еще большее количество пациентов.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

## — ҚОҒАМ ДЕРТІ



Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Сол себепті Президент өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында дамыған мемлекеттің жаңа саяси басымдықтарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресті атап көрсетті.

Мемлекеттің дамуына елдің әрбір азаматы үлес қосуға мұдделі. Сондықтан мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен мемлекеттік қызметтің баршаға сапалы болуын қамтамасыз ету қажет. Ол үшін материалдық игілік, жетістіктер мен сапалы білім болуы тиіс. Дегенмен, адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінде дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері

әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың

тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркенінің дамуына келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мұдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**Марат ТӨЖІҒАЛИЕВ,**  
**Саралжын ауылдық округінің әкімі.**

# МЕНИНГИТ - ҚАУІПТІ КЕСЕЛ!

Менингококк инфекциясы - бактериялармен қоздырылатын жіті инфекциялық ауруы, түрлі клиникалық көріністерімен – симптомсыз тасымалдау, назофарингит (мурын және жұтқыншақ қабынуы), менингит (ми қабықтарының қабынуы) және менингококк сепсисі (қан зақымдануы) өтеді. Ауру адамдар мен сау тасымалдаушылар инфекция көзі, яғни клиникалық көріністері жоқ, бірақ олар менингококк тасымалдаушылары болады. Менингококк инфекциясы аурушандығы кезеңдігімен сипатталады - қыста және ерте көктемде аурушандық жоғары.

Инфекцияның берілу жолы - ауалы-тамшылы (жетелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде), температураңыз көтерілуі, қалпырау, бозару, табеттің төмендеуі, бөртпе, әлсіздік, арқа және аяқ қолдың ауыруы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

**Менингококк инфекциясы** – ауруды белгісіз тасымалдаушы, назофарингит (мурын мен жұтқыншақтың қабынуы), менингит (ми қабықтарының қабынуы) және менингококк сепсисі (қанның зарарлануы) секілді түрлі клиникалық белгілері бар бактериялар қоздыратын жіті жұқпалы ауру

**Инфекцияның берілу жолы** – ауалы-тамшылы, яғни жетелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұғиды

**Ауруды алдын алу**

- аурудың алғашқы белгілері (тамақтың қызаруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауыруы, әлсіздік) пайда болған кезде дәрігерге көріну және оның барлық нұсқауларын орындау
- түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуды, жүзу бассейндеріне баруды, ойын алаңдарында ойнауды шектеу, және тазалықты сақтау
- ғимараттарды жиі желдетіп, күн сайын ылғалды тазалау
- созылмалы инфекция ошақтары ЛОР ағзаларын тазалау
- тек қайнаған немесе бетпеккедегі суды ішу
- мұздау, ашығу, ұйқы қанбау, күйзелу және т. б. аулақ болу

Ауруды емдегеннен алдын алған жеңіл екендігін ерқашан есте сақтау қажет!

## ЕСКЕ АЛУ

**Ө.ДЕРБІСӘЛИН АТЫНДАҒЫ САРАЛЖЫН ОРТА МЕКТЕП БІТІРГЕНІМІЗГЕ 20 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ӨМІРДЕН ӨТКЕН КЛАССТАСТАРЫМЫЗДЫ САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ!**

Қазағанбетова Лиза Құрманғалиқызы. 24.12.1984ж – 06.05.2005ж  
 Елеуов Керімкерей 09.05.1985ж – 12.06.1996ж  
 Наурыззов Нұрбол Айболатұлы 26.02.1985 – 03.08.2004ж  
 Мубаракوف Қуат Абылайұлы 15.10.1984 – 08.11.2002ж

Қайран досым, алыстадың неге сенен?!  
 Бірге өстік бала кезден өзіміз.  
 Қайран жастық, бірге өткен балалық,  
 Өтті, шіркін, сол күндер де өмірден.  
 Еске аламыз сағынышпен өздеріңді,  
 Еске аламыз жарқылдаған жүздеріңді.  
 Қойны суық қара жерге қия алмай,  
 Сағыныштан жүрегіміз тібренді.  
 Көре алмай тіршіліктің көп қызығын,  
 Тата алмай шаттық өмір тәттілігін,  
 Жарқырап келе жатқан сәуле едіңдер  
 Өткен-ау ерте солды ғұмырларын,  
 Асыл достар ұмытпаймыз, сағынамыз!  
 Алланың жазғаны ғой не қыламыз.  
 Есте сақтап қызық дәурен шағымызды,  
 Ата-ана, дос-жаран боп еске аламыз!

**Еске алушылар: Ө.Дербісәлин атындағы Саралжын орта мектебінің 2002 жылғы түлектері.**

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы, Ойыл аудандық ауруханасының мейірбикесі Мамбетова Мәншүкке **апасы Зағиранның** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1375 дана. Тапсырыс № 887 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ө. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
 Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
 Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат  
 Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.



# ҚҰРБАН АЙТ:

## ТАРИХИ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Үш күнге созылатын мейрам жыл сайын хижра - мұсылман күнтізбесі бойынша Зұлхиджа айының оншы жылдығында (Арафа күнінен кейін) және Ораза ай мейрамынан 70 күн өткеннен кейін басталады. Құрбан Айт мұсылман жұрты құрбандық мал сойып, думанды мейрам жасап, үлкен-кіші арасында үгіт-насихат, есептер айтып, бір-біріне құрмет көрсетеді.

Осы орайда NDH порталы барша мұсылман қауымын және қазақстандықтарды Құрбан Айт мерекесімен құттықтап, қасиетті мейрамның шығу тарихы және әр мұсылман елдерінде тойлануы хақында қызықты деректерді ұсынады.

Құрбан айт күні мұсылман баласы ерте тұрып, таза киімдерін киіп, хош иіс әтірлерін сеуіп, мешітке барады. Ағайын-туыс, көрші-қолан бір-біріннің үйіне айттап қыдырады. Айттың алдында төтті тағамдар мен шелпек, бауырсақ пісіріледі.

Елімізде ұлттық мерекелердің мәртебесін көтеру бастамасының арқасында Құрбан Айт мемлекеттік деңгейде аталып өтілетін болды. 2005 жылғы 28 желтоқсанда Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» ҚР Заңына толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдап, соған сәйкес Құрбан айт пен Рождество мерекесінің бірінші күні елімізде демалыс күндері болып жарияланды.

Қазақтардың алғаш Құрбан Айтты тойлаулары туралы ақпараттар XIX ғасырдағы орыс жазбаларында да кездеседі. Тарихи құжаттарға жүгінетін болсақ, қазақ жерінде 1926 жылға дейін Ораза айт 3 күн, Құрбан айт 3 күн, Наурыз 1 күн ресми мереке ретінде тойланып келген. Оған негіз 1921 жылғы 5 наурызда Орынбор қаласында өткен Қазақстан Автономиялы Республикасы Орталық атқару комитеті Төралқасының «Мұсылмандар мерекесі» туралы қабылдаған шешімі. Оған С.Мендешев төрағалық жасаса, Алаш арыстары А.Байтұрсынұлы пен Ә.Бөкейханов Төралқа мәжілісіне қатысқан екен.

Құрбан Айтты тойлау және құрбан шалу салты Орталық Азияда ислам дінінің келуімен бірге тараған. Ол Х-XIII ғасырларда етек алған. Бұл салт көпшілік мал шаруашылығымен айналысатын халық үшін таңсық болмайды.

# КӘСІБИ МЕДИАТОРЛАР АУДАНҒА КЕЛДІ



Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңы қабылданғанына он жылдан асты. Медиация - жанжалдарды соттың қатысуымен шешу формасы. Ал Медиатор - дауласушы тараптарды басқарушы, ол қорғаушы немесе заңгер емес, тараптардың ешбірінің мүддесін қорғайды. Ол тек дауласушы тараптардың ортақ мәмілеге келтіріп, келіссөз жүргізуші.

Өткен апта ауданға кәсіби медиаторлар, «Халықаралық келіссөздер Академиясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Светлана Балпеисова, «Тұтынушылардың құқығын қорғау кеңесі» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Әлібек Насрадинов, «Халықаралық келіссөздер Академиясы» Қауымдастығы» ЗТБ мүшесі Гүлнұр Түкебаева іс-сапармен келді. Алдымен Ойыл ауданы әкімі аппаратының басшысы және қызметкерлерімен кездесті. Әрі қарай аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменова тікелей төрағалығымен аудандық білім, мекеме басшылары және ауыл-

дық округ әкімдері, кәсіби емес медиаторлардың қатысуымен «Қоғамдық катынастар саласында медиацияның дамуы» атты семинар өтті.

«Тұтынушылардың құқығын қорғау кеңесі» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Әлібек Насрадинов тұтынушылардың құқықтарын қорғау және жалпы медиация жайында тоқталып өтсе, «Халықаралық келіссөздер Академиясы» ЗТБ төрайымы Светлана Балпеисова еліміздегі медиация институтының қалыптасуы, отбасылық жағдайларда жіберетін қателіктердің салдарынан шығатын айқай-шудың соның сотқа жеткізбей екі тарапты мәмілеге келтіру, тіл табыса білу осы медиаторлардың шеберлігіне байланысты екенін айтып, дауды шешудің оңтайлы тәсілдеріне мысалдар келтірді. Сонымен қатар қатысушылар арасында жанжал төңірегінде ойын өткізіп, мәселені шешудің әдістері мен жолдарын практикалық түрде көрсетті. Семинар барысында Ойыл ауданының өкілдігімен өзара

# АЛМАТЫ КОРОНАВИРУСЫҢ ТАРАЛУЫ БОЙЫНША САРЫ АЙМАҚА КӨШТІ

Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің ресми өкілі Ержан Байтанаев, «4 шілдеден бастап Алматы қаласы «сары» аймаққа өтті. Қазіргі уақытта қаланың мемлекеттік бас санитар дәрігері қаулыны даярлау үстінде. Қаулыда барлығы жазылды. Осы орайда біз әр азаматты коронавирусқа қарсы вакцина алуға және ревакцинациядан өтуге шақырамыз», - дейді.

Оның айтуынша, бүгінде коронавирусқа шалдығып жатқан азаматтардың 80 пайызы вакцина алмаған. «Қазақстандықтарды өзі мен жақындарының денсаулығын сақтау мақсатында вакцина алудың барлық процесін өтуге шығыл түрде шақырамыз. Бұл процесс ұжымдық иммунитетті қалыптастыра түсу үшін де маңызды», - дейді ол. Еске сала кетсек, Қазақстан «сары» аймаққа өтсе, Үкімет тарапынан қандай шаралар қолға алынатыны хабарланған еді. Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният өз сөзінде елімізде маусым айының ортасынан бастап коронавирус инфекциясын жұқтырғандар санының арқанын атап өтті. Айта кетейік, Коронавирусқа қарсы күрес жөніндегі ведомстворалық комиссия қазіргі кезде елімізде «Қызыл» аймаққа жататын өңір жоқ екенін мәлімдеді.

# ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ҚҰРЫЛҒАННАН БЕРГІ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІС - 6,8 ТРИЛЛИОН ТЕНГЕ

2022 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының зейнетақы жинақтарының сомасы 12,8 триллион теңге болды. Бұл қаражаттың зейнетақы жарналары мен инвестициялық табысты қамтитыны белгілі.

Зейнетақы жинақтарындағы инвестициялық табыстың үлесі жыл сайын өсіп келеді. Жалпы, 2014 жылдан бері Ұлттық банк қамтамасыз еткен таза инвестициялық табыс (БЖЗҚ-ға барлық зейнетақы активтерінің бірлігі ретінде) 5,9 трлн теңгеге жетті. Ал Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс істей бастағаннан бергі инвестициялық табыс 6,8 трлн теңгені құрады.

Жыл басынан бері геосаяси ахуалдың нашарлауы салдарынан әлемдік қаржы, тауар нарықтарында құбылмалылық орын алып, бұл инфляцияның өсуі мен зейнетақы активтерінің табыстылық көрсеткіштеріне кері әсерін тигізді. Осылайша, зейнетақы активтерінің кірістілігі жыл басынан бері әртүрлі кезеңдерде бірде он, бірде төрт қалыптан қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау салдарынан өзгеріп отырды.

Зейнетақы жинақтары қаржы құралдарына түрлі валютада инвестицияланды. Инвестициялардың 2/3 жуығы теңгемен және 1/3 жуығы шетел валютасымен, валюталық инвестициялардың басым бөлігі АҚШ долларымен орналастырылған. Тісінше, доллар бағамы зейнетақы активтері құрамындағы инвестициялық кіріске әсер етеді: ұлттық валюта нығайған кезде инвестициялық кіріс төмендеп, доллар



# АҚШАТАУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ҚҰЛМУРЗИНА ДАРИҒА НҰҒЫМЕТҚЫЗЫН 60 ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ.

Құрметті, Дариға қарындасым! Асқаралы 60 жасың құтты болсын! Саған зор денсаулық тілейміз. Балдарыңның қызығын көріп, жолдасың Әлімжанмен бірге 100 жаса!

ИГ ТІЛЕКПЕН: АҒА ЖЕҢГЕН: МІНСІЗБАЙ – ЛАРИСА

бағамы өскен кезде жоғарылауы мүмкін. Жалпы, 2014 жылдан бастап зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 17%-дан 29% дейін өскенін атап өткен жөн.

2022 жылдың қаңтары мен наурыздың басы аралығында АҚШ долларына қатысты теңге бағамы өлсіреп, доллар құны 431 теңгеден 495 теңгеге дейін жетті. Ал наурыз айының ортасында доллар бағамы 512 теңгеге дейін өсті. Осылайша, апта сайын зейнетақы активтерін оң валюталық қайта бағалау қалыптасты. Салымшылар да өздерінің жеке зейнетақы шоттарында айтарлықтай оң инвестициялық табысты байқады. Одан кейін ұлттық валюта нығая бастап, сәйкесінде доллар бағамы төмендеді. 1 маусымда 1 доллардың құны 414,67 теңге болды. Зейнетақы активтерін қайта бағалау апта сайын және айдың соңы күнінде жүргізілетіндіктен, оны салымшылар өздерінің үзінді көшірмелеріндегі өзгерістерден көре алады.

Нәтижесінде қаржы нарықтарындағы келеңсіз жағдайлар мен активтерді валюталық қайта бағалау инвестициялық кірістілікке әсер етіп, соңғы 12 күнтізбелік айда ол 4,14% құрады.

Айта кету керек, зейнетақы жинақтары – бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық табыстың мөлшерін кемінде 1 (бір) жыл кезеңінде талдау орындай. Қысқа мерзімді деректер (апта сайынғы, ай сайынғы және т.б.) – айқын нәтиже көрсетпейді, өйткені, ол нарықтың үнемі құбылмалығына тәуелді.

Мысалы, 2021 жылы салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-сына бөлінген таза инвестициялық табыс



# С НАЧАЛА ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ НПС ЧИСТЫЙ ИНВЕСТИЦИОННЫЙ ДОХОД СОСТАВИЛ 6,8 ТРИЛЛИОН ТЕНГЕ

С начала функционирования НПС чистый инвестиционный доход составил 6,8 триллионов тенге.

Сумма пенсионных накоплений вкладчиков Единого накопительного пенсионного фонда на 1 июня 2022 года составляет порядка 12,8 триллионов тенге. Как известно, данная сумма включает в себя пенсионные взносы вкладчиков и инвестиционный доход.

Доля инвестиционного дохода в пенсионных накоплениях ежегодно растет. В целом, чистый инвестиционный доход, обеспеченный Национальным банком с 2014 года (окончания процесса объединения всех пенсионных активов в ЕНПФ), составил 5,9 трлн тенге. Если рассматривать инвестиционный доход с начала функционирования накопительной пенсионной системы в Казахстане, то он составляет 6,8 трлн тенге.

С начала текущего года на фоне ухудшения геополитической ситуации выросла волатильность на мировых финансовых, товарных рынках, что повлияло как на рост инфляции, так и на показатели доходности пенсионных активов. Таким образом, доходность пенсионных активов меняется вследствие рыночной и валютной переоценки финансовых инструментов, которая начала года складывалась как положительной, так и отрицательной в разные периоды.

Пенсионные накопления инвестированы в финансовые инструменты в разных валютах. Около 2/3 инвестиций размещены в тенге и около 1/3 - в иностранной валюте, большая часть валютных инвестиций - в долларах США. Соответственно, курс доллара

отражается на инвестиционном доходе в составе пенсионных активов: при укреплении национальной валюты инвестдоход может снижаться, при повышении курса доллара - расти. В целом, стоит подчеркнуть, что с 2014 года валютная доля пенсионных активов увеличилась с 17% до 29%.

С января до начала марта 2022 года происходило ослабление курса тенге по отношению к доллару США с 431 тенге до 495 тенге и в середине марта до 512 тенге. Таким образом, еженедельно складывалась положительная валютная переоценка пенсионных активов. Вкладчики наблюдали значительный положительный инвестиционный доход на своих индивидуальных пенсионных счетах. Затем национальная валюта стала укрепляться, курс доллара, соответственно, снижаться. На 1 июня он составил 414,67 тенге за 1 доллар. Поскольку переоценка пенсионных активов проводится еженедельно и в последний день месяца, вкладчики видят изменения в своих выписках.

В результате негативные события на финансовых рынках и валютная переоценка активов оказали влияние на инвестиционную доходность, которая за последние 12 календарных месяцев составила 4,14%.

Стоит подчеркнуть, что пенсионные накопления – это долгосрочные инвестиции и анализировать размер инвестиционного дохода целесообразно за период не менее 1 (одного) года. Краткосрочные данные (еженедельные, ежемесячные и т.д.) – не являются показательными, т.к. зависят от постоянных изменений рыночной конъюнктуры.

К примеру, сумма чистого инвестиционного дохода за прошедший 2021 год, распределенного на пенсионные счета вкладчиков (получателей), составила порядка 1,4 трлн тенге, что превысило сумму поступивших за год взносов (1,3 трлн тенге). Доходность по пенсионным активам ЕНПФ в 2021 году под управлением Национального банка Казахстана с начала года составила 11,13%, при инфляции в 8,4%.

С апреля 2014 года до 1 июня 2022 года, когда завершилась консолидация пенсионных активов, доходность под управлением НБ РК составила 99,94%. Инвестиционная доходность со дня основания накопительной пенсионной системы (1998 год) на 1 июня 2022 года с нарастающим итогом составила 670,58% при инфляции за весь период 603,68%. Таким образом, реальная (т.е. превышающая инфляцию) доходность пенсионных активов за период с начала действия накопительной пенсионной системы на 1 июня 2022 года составила 66,90%.

Вся система инвестиционного управления и учета пенсионных активов является прозрачной: каждый вкладчик имеет возможность видеть свой инвестиционный доход в личном кабинете на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Информация по инвестиционному управлению пенсионными активами ЕНПФ и о финансовых инструментах, в которые размещены пенсионные активы ЕНПФ, публикуется на официальном сайте ЕНПФ (www.enpf.kz) в разделе «Показатели/Инвестиционная деятельность».

Пресс-центр АО «ЕНПФ»